

Ұстаз – ардақты әрі ұлы сөз. Құлаққа сіңісп кеткен «ұстаз» сөзінің астарында білімнің қайнар бұлалы, ізденістің сара жолы, адамгершіліктің «алтын көпірі» жатыр. Жас буынға үлттың ұлылығын ұлықтап қана қоймай, дاناлықтың даңғыл жолын дәріптейтін де ұстаз. Ол шәкіртінің өн бойына білім нәрін сіңіре отырып, туган жерін суюге, ата дәстүрін құрметтеп, ана тілін ардақтауга тәрбиелейді. Сондықтан болар, педагог – келешек үрпақтың білім көкжиегіндеңі ата-анасы.

## МҰҒАЛІМ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Мұғалім мәртебесінің біік болуы – қоғамның айнасы. Тәуелсіз Қазақстанның дамуына, қарыштап өсуіне үлес косатын жандардың бірегейі де – ұлағатты ұстаздар. Үлттымыздың саналы үрпағын тәрбиелеп жатқан ұстаздардың еңбегі өлшеусіз. Қажырлық пен табандылықты, үнемі, ізденісті талап ететін ұстаздарға жүктелген міндет те оңай емес. Білімдерін жетілдіру, заманауи жаңашылдыққа ұмтылу мақсатында педагогтер түрлі оқу курстарын оқиды, озық тәжірибелермен алмасады.

«Ұстаздық – ұлы құрмет. Өйткені, ұстаз үрпақты тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, ғалымы мен дасын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Әмірге үрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол үрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауга міндеттіміз», – деген екен халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы.

Сөңғы жылдары «тәуелсіз қазақ қоғамындағы педагогтердің мәртебесі қандай» деген сауал көпшілігімізді мазалап жүргені жасырын емес. Кейінгі жылдарға шегінер болсақ, осыдан үш жыл бұрын Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаев «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойғаны баршамызға белгілі. Тарихи құжатта, ең алдымен, ұстаздардың беделі мен мәртебесін арттыру, кәсібінен тыс әкімшілік іс-шаралардан босатылуы, білім бағдарламасынан бөлек жүктелген тапсырмаларды қыскарту ындықтасынан мәселелер оң жолға қойылды. Ұстаздардың мәртебесін арттыру туралы заңнаманың «дүниеге келуіне» қоғамда туындал жатқан бірнеше мәселелер айқын дәлел бола алады. Себебі, аталмыш заң ұстаздар қауымына жаңаша серпін алуға мол мүмкіндік берді. Бекітілген құжат аясында мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының құқығы мен көзқарасы заңдық тұрғыда қорғалатыны көнілге медеу үялатты. Зайырлы мемлекетте заңға бағына отырып жұмыс жасай білсеқ, еліміздегі білімнің сапасы еселене түсетіндігіне сеніміміз мол.

Л.БЕГАЛИЕВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ «Заманауи  
педагогика және  
психология»  
кафедрасының аға  
окытушысы, магистр